

**ҚАМҚОРШЫЛЫҚ КЕҢЕСІ  
ҚЫЗМЕТІНІҢ 2022 ЖЫЛЫ АТҚАРҒАН  
ЖҰМЫСЫНЫҢ ЕСЕБІ**

Ақтөбе қаласы

**2021-2022 оқу жылы бойынша «Ақтөбе қаласының №4 жалпы білім беретін мектеп» КММ**

**Қамқоршылық кеңесінің жылдық қорытынды есебі**

Қамқоршылық кеңес қызметі типтік ережеге және Қазақстан Республикасы «Білім» туралы заңының 44 бабы 9 тармағына сәйкес, «Білім беру ұйымдарында қамқоршылық кеңестің жұмысын ұйымдастыру және оны сайлану тәртібінің үлгілік қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және Ғылым министрінің 2017 жылғы 27 шілдедегі №355 бұйрығының 6, 7 баптары және «Тиісті үлгідегі білім беру ұйымдары қызметінің үлгілік қағидалары, оның ішінде: Балаларға арналған қосымша білім беру бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдары қызметінің үлгілік қағидаларын бекіту туралы» ҚР Үкіметінің 17 мамырдағы қаулысының 37- тармағы негізінде, Қамқоршылық кеңесін құру туралы 2018 жылдың 02 сәуірдегі №123 бұйрыққа өзгеріс енгізу туралы бұйрығын басшылыққа алынып құрылған. «Қамқоршылық» кеңес мүшелерінің саны тақ, бір – бірімен және білім беру ұйымының басшысымен ешқандай туыстық және жекжаттық туысы жоқ 9 адамнан сайланып, жылдық жоспары құрылып, бекітілген.

Жұмыс мектеп бойынша "Қамқоршылық кеңестің құрамын бекіту туралы" бұйрық негізінде жүзеге асырылады. Білім беру мекемесінің мүддесі үшін және жұмыс бағыттарына сәйкес қызметтің перспективалық жоспары әзірленеді. Қамқоршылық кеңес-бұл жай ғана қолдау және қаржыландыру емес, мектеп атынан билікпен диалог және азаматтық қоғам атынан мектеппен диалог.

2021-2022 оқу жылындағы қамқоршылық кеңес жұмысының басым міндеттері:

- білім беру ұйымының жарғылық қызметтерін жүзеге асыруда, қаржылық қолдауды қамтамасыз етуде, білім беру ұйымының материалдық-техникалық базасын нығайтуда көмек көрсету;
  - балаларды тәрбиелеу және дамыту, оқушылардың жас ерекшеліктері мәселелері бойынша ата-аналарды психологиялық-педагогикалық ағарту, патриотизмді және азаматтық сана-сезімді қалыптастыру;
  - әртүрлі деңгейдегі мектептің басқару қызметіне ата-аналар, қамқоршылар кеңесін тарту;
  - мектептің конкурстарын, жарыстарын, бұқаралық іс-шараларын ұйымдастыруға жәрдемдесу;
  - мектептің әлеуметтік сала мекемелерімен өзара іс-қимылын жетілдіру.
- Қамқоршылық кеңес мүшеліктің еріктілігі, Қамқоршылық кеңес мүшелерінің тең құқылығы, басшылықтың алқалылығы, қабылданатын шешімдердің жариялылығы қағидаттары негізінде жұмыс істейді.

Жыл бойы мектепте кеңестің 6 отырысы өткізілді, онда жұмыс жоспарына сәйкес мәселелер қаралды:

№1 отырыс

1.Қамқоршылық кеңес құрамын бекіту (өзгерген жағдайда)



2.Қамқоршылық кеңесінің жұмыс жоспарын құру, бекітуге ұсыну

3. «Мектепке жол» акциясының өткізілуі

### **№2 отырыс**

1.Қазақстан Республикасының Президенті Қасым-Жомарт Тоқаевтың Қазақстан халқына жолдауын талқылау

2.Бюджет тарапынан бөлінген қаражаттың жұмсалуды туралы мектеп директорының есебі

3.Әлеуметтік қорғалмаған, білім алушылар мен күн көрісі төмен отбасылардан шыққан білім алушыларға материалдық көмек көрсету

### **№3 отырыс**

1.Жалпыға бірдей міндетті оқумен қамту жұмысының қорытындысы,әлеуметтік көмекті қажет ететін отбасыларын анықтау, қажетіне қарай көмек ұйымдастыру жұмыстары

2.Құқық бұзушылықтың алдын – алу жұмыстарының ұйымдастырылуы, нәтижесін қадағалау

### **№4 отырыс**

1.Мектеп оқушыларының бос уақытын тиімді пайдалану мақсатында оқушылар мен ата – аналардың сұранысы бойынша қажетті үйірмелер мен секциялардың ұйымдастыру жұмысына көмек көрсету

2. Құқық бұзушылықтың алдын – алу мақсатында мерекелік күндері мен түнгі рейд шараларына кезекшілікке қатысу, ұйымдастыру жұмыстарын бақылау

3. Мектепішілік дәстүрлі мерекелік іс – шараларды, спорттық іс – шараларды ұйымдастыруға көмек көрсету, қажет болған жағдайда демеушілер табу жұмысын ұйымдастыру

### **№5 отырыс**

1.Мемлекеттік емтихан, мектеп бітіруші түлектердің шараларын өткізуге атсалысу, кезекшілік тағайындау, бақылау жұмыстарын ұйымдастыру

2.Оқушылардың жазғы сауықтыру демалысын ұйымдастыру, оқушылардың жазғы қауіпсіздігін қамтамасыз ету жұмыстарын бақылау.

3. Мектеп бітіретін кластардың (түлектер) класс жетекшілеріне ақша жинауға, сыйлық жасауға болмайтынын ата – аналарға түсіндіру жұмыстары

### **№6 отырыс**

1.Білім беруші ұйым басшысының 2021 – 2022 оқу жылы бойынша есебі

2.2021-2022 оқу жылындағы қамқоршылық кеңес жұмысын қорытындылау

Қамқоршылық кеңесінің жылдық жұмыс жоспары жасалынған. Әр айда өткізілген іс - шаралар жоспары бойынша өз дәрежесінде өткізілді. Мектепте 1 тамыздан 30 қыркүйекке дейінгі аралықта республикалық «Мектепке жол» акциясы ұйымдастырылып, өз дәрежесінде өткізілді.

**Акцияның мақсаты** – аз қамтылған отбасыларындағы оқушыларға қолдау мен көмек көрсету ғана емес, сондай-ақ, мектепке әлеуметтік

жағдаймен бара алмау себебі бойынша балалардың мәселелеріне қоғамның назарын аудару болып табылады.

Акция аясында әр - түрлі іс- шаралар жоспарланып, қайырымдылық шаралар, мектеп оқушылары арасында оқу жылына дайындық кезінде көмекке мұқтаж балаларды анықтау мақсатында рейдтік шаралар өткізу жоспарланып мектеп директорының келісімімен бекітілді.

Өткізілген іс-шара барысында қамқоршылық кеңес мүшесі қалалық мәслихат депутаты Гүлназым Умбеткалиевна және «Ақтөбе горнизоны әскери полиция бөлімінің қызметкерлері» көмегімен аз қамтылған және мүгедек, көп балалы отбасынан шыққан 10 оқушыға сөмке толы оқу құралдарын, оқуға қажетті құрал-жабдықтарын, мектеп формасы, спорттық киім, аяқ киім алып берді. Жалпы мекемеде өткізілген түрлі іс-шаралар мектептің фейсбук әлеуметтік желісіне салынып отырады.



Жалпыға бірдей білім беру қорынан бөлінген қаржыға әр оқушыға оқу киімі және оқу құралдары берілді. Барлығы 676 000 тг.



Ел Президенті Қасым-Жомарт Кемелұлы Тоқаев 2020 жылғы жолдауының 7-ші бөлімінде 2025 жылға дейін еліміз бойынша 2 млрд ағаш отырғызуды тапсырған болатын. Осы жолдаудың негізінде және ҚР Тәуелсіздігінің 30 жылдығы қарсаңында Ақтөбе қаласының #4 жалпы білім беретін орта мектебінің әкімшілігі және қамқоршылық кеңес мүшесі Г. Ақжұлованың қатысуымен экологиялық жағдайды жақсарту мақсатында мектеп ауласына шырша ағаштары отырғызылды. Бұл шарамыз әрі қарай мектеп ішіндегі гүлдерді көбейту акциясымен жалғасын табатын болады.



Ақтөбе қаласы Астана ауданына қарасты Е.Тайбеков, 10 мекен-жайы бойынша орналасқан №4 жалпы білім беретін орта мектебінің ауласына шамдар жарығының аз түсуі тұрғындар мен мектеп қызметкерлерін алаңдататын мәселенің бірі болатын. Биылғы жылы оң шешімін тауып, 11 электр жарығы орнатылып, мектеп ауласы жарықтандырылды. Суреттерде көрсетілгендей мектеп ауласының әр бұрышы жарық болып, балалар мен тұрғындардың емін-еркін жүруіне, мектеп ауласында орналасқан спорт алаңында кешқұрым спортпен шұғылдануға мүмкіндік туды.





Сонымен қатар патриоттық азаматтық құқықтық тәрбиелік іс шаралар көп өткізілді. Қамқоршылық кеңесінің төрағасы ретінде барлық шараларға қатыстым.



## Оқушылардың бос уақытын ұйымдастыру

Ақтөбе қаласының №4 жалпы білім беретін орта мектебінде оқушылардың бос уақытын тиімді өткізу мақсатында үйірме және спорттық секциялары жұмыс жұмыс жасайды. Оқушылар мектептен тыс үйірмелерге де қатысады. Атап өтетін болсақ мектепшілік үйірмелер саны -10, оның ішінде спорттық секциялар 7. «Тоғыз құмалақ», «Волейбол», «Футбол», «Баскетбол», «Шаңғы», «Домбыра», «Техникалық үлгілеу», Дебат, «Жеңіл атлетика».

Мектеп ауласында мектеп оқушыларына, ата-аналарымызға мұз айдыны жасалып, қысқы каникулды қызықты өткізулеріне өз септігін тигізді. Өз конькилерін әкеліп тегін сырғанау ұйымдастырылды.



Волейбол үйірмесі



"ДОМБЫРА" үйірмесі



Жетекшісі: КАЛИЕВА Д.О.



Сонымен қатар қамқоршылық кеңес мүшелері қоладрынан келген көмектерін аямай балалардың қуанышы үшін демеушілерді тарту жұмыстарында белсенділік танытты. Мектеп басшысы Сабит Жексенбаевич қамқоршылық кеңес төрайымы Жанипа Асановнаны мектептің қоғамдық өміріндегі әр жаңалығына бей-жай қарамай, көмек қолын созып, қамқоршылық кеңесте қарастырылатын мәселе орындалғанша басы-қасында болып жанашырлық танытқаны үшін АЛҒЫС ХАТПЕН марапаттады.





Қамқоршылық кеңес мүшесі Гүлназым Умбеткалиевна демеушілік танытып, оқушыларға жаңа жылдық сыйлықтар, балалар күні мерекесіне сертификаттар табыстады.





2021-2022 оқу жылында Ақтөбе қаласының #4 жалпы білім беретін орта мектебінің жас мамандары, “Мейірімді жүрек” волонтерлар клубының еріктілері сенбілік, қыс мезгілінде қарттарға көмек көрсету, аз қамтылған көп балалы отбасыларға көмек қолын созуда үнемі белсенділік танытып келді. Бұл мектепте жылдағы үрдіске айналған дәстүр қайырымдылық шарасы да жалғасын тапты, Биыл 2022 жылы сәуір айында 35 отбасыға 500 000 теңге көлемінде көмек көрсетті.





Құқықбұзушылықтың алдын-алу бойынша да мектеп жақсы жұмыстар атқаруда. Кездесулер, түсіндіру жұмыстары, отырыстар, тәрбие сағаттары үнемі өткізіліп, мектеп инспекторымен тікелей байланыста.



«Ақтөбе қаласының №4 жалпы білім беретін мектеп»  
коммуналдық мемлекеттік мекемесі бойынша қамқоршылық кеңесінің  
атқарған жылдық іс-шара жұмыстары қанағаттандырылды.

Қамқоршылық кеңес төрағасы:

Кеңес мүшесі:

Кеңес мүшесі:

Кеңес мүшесі:


Кеңес мүшесі:

Кеңес мүшесі:

Кеңес мүшесі:

Кеңес мүшесі:

Кеңес мүшесі:



Ж.Алдабергенова

Г.Ақжүловва

А.Қаратаев

А.Чайкин

Р.Нұрбаев

Ж.Камбаров

А.Абдрахманов

С.Маймакова

Г.Карабалина